«САЛАМАТТЫ ТАМАҚТАНУ МЕКТЕБІ» БАҒДАРЛАМАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ (NESTLÉ FOR HEALTHIER KIDS ЖАҺАНДЫҚ БАСТАМАСЫНЫҢ БІР БӨЛІГІ)

«NESTLÉ. ДЕНІ САУ БАЛА»-МЕН БІРГЕ ҚОЗҒАЛАМЫЗ» КОНКУРСЫ ТУРАЛЫ

ЕРЕЖЕ

Конкурстың тапсырыс берушісі

«Нестле Фуд Қазақстан» ЖШС (БСН 040740000547; орналасқан жері – Алматы қаласы).

Конкурстың ұйымдастырушысы

«JAM Agency Corp» ЖШС (БСН 120140010163; орналасқан жері – Алматы қаласы).

Конкурс серіктестері

Алматы қаласы Білім беру басқармасының «Білім берудегі жаңа технологиялардың қалалық ғылыми-әдістемелік орталығы».
Астана қаласы әкімдігінің Әдістемелік орталығы

1. Жалпы ережелер

Осы «Nestlé. Дені сау бала»-мен бірге қозғаламыз» конкурсы туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) конкурстың (бұдан әрі – Конкурс) мақсаттары мен міндеттерін, оны ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды, Конкурсқа ұсынылатын материалдарға қойылатын талаптарды, оларды бағалау өлшемшарттарын, жеңімпаздарды анықтау және марапаттау тәртібін белгілейді.

2. Конкурстың мақсаттары мен міндеттері

2.1. Конкурстың мақсаты: Қазақстан мектептерінде оқитын оқушылардың отбасылары арасында белсенді өмір салты мәдениетін насихаттау.

2.2. Конкурстың міндеттері: балалар мен ата-аналарды белсенді өмір салтын ұстануға, сондай-ақ бос уақытты бірге әрі пайдалы өткізуге ынталандыру.

3. Конкурс шарттары

3.1. Конкурсқа жұмысты орналастыру Қатысушының осы Ереженің шарттарымен келісетінін білдіреді. Конкурс 1 кезеңде өткізіледі.

3.2. Конкурстың өткізілу аумағы – Қазақстан Республикасы.

3.3. Жұмыстарды қабылдау мерзімі: 12.10.2026–12.11.2026. Қорытынды шығару мен жүлделерді табыстауды қоса алғандағы Конкурстың жалпы мерзімі осы Ереженің 5-бөлімінде көрсетілген.

3.4. Конкурсқа қатысушылар. Қатысушы – 18 жасқа толған, әрекетке қабілетті жеке тұлға, Қазақстан Республикасының білім беру ұйымында оқитын 7-ден 13 жасқа дейінгі баланың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілі. Қатысушы https://www.prav-pit.kz/ сайтында тіркелуі және/немесе осы Ережеде

көзделген тәртіппен Instagram әлеуметтік желісінде жұмыс жариялауы тиіс. Баланың жұмысты жасауға қатысуына тек Қатысушының келісімімен және оның жауапкершілігімен жол беріледі. Қатысушы сайтта да, Instagram желісінде де қатыса алады; әр форматта 1 (бір) жұмыстан артық орналастыруға болмайды.

3.5. Конкурс жұмыстары. Конкурсқа отбасылардың белсенді өмір салтын қалай ұстанатынын, бірге спортпен шұғылданатынын, серуендейтінін, билейтінін және т.б. көрсететін фотосуреттер қабылданады (бұдан әрі – Жұмыс). Жұмыста Қазақстан Республикасының заңнамасын, үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін, этика және мораль нормаларын бұзатын мәліметтер, бейнелер немесе өзге материалдар, сондай-ақ басқа адамдардың ар-намысына, қадір-қасиетіне, іскерлік беделіне немесе қауіпсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін материалдар болмауы тиіс.

3.6. Жұмыстарға қойылатын талаптар. Жұмыстар осы Ережедегі талаптарға толық сәйкес болуы тиіс. Конкурсқа мына материалдар қабылданбайды:

- көлемі 1 (бір) мегабайттан асатын материалдар;
- Қатысушының авторлық жұмысы болып табылмайтын материалдар;
- жасанды интеллект құралдарының көмегімен толығымен жасалған материалдар;
- «Nestlé» брендінің логотипі, тауар белгісі, өнімі және/немесе бренд туралы өзге ескертуі жоқ материалдар.

Конкурсқа қатысу арқылы Қатысушы Жұмысқа қатысты барлық қажетті құқықтардың және Жұмыста бейнеленген адамдардың (кәмелетке толмағандарға қатысты – ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің) бейнені осы Ережеде көзделген мақсаттарда пайдалануға келісімдері бар екенін растайды. Қатысушы Тапсырыс беруші мен Ұйымдастырушыға Жұмысты бүкіл әлем аумағында, орналастырылған күннен бастап 5 (бес) жыл мерзімге, автордың атын көрсете отырып (техникалық тұрғыдан мүмкін болса), көбейту, көпшілік алдында көрсету және жалпыға қолжетімді ету, оның ішінде Конкурс сайтында, Тапсырыс берушінің әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттарында, Конкурс пен «Саламатты тамақтану мектебі» бағдарламасына арналған педагогикалық баспасөзде және демонстрациялық материалдарда жариялау арқылы пайдалануға, сондай-ақ 4.4-тармақ шегінде техникалық түзетулер енгізуге өтеусіз, айрықша емес құқық (лицензия) береді. Жұмыстар қайтарылмайды.

Қатысушылар өздері жасаған Жұмыстардың осы Конкурс шеңберінде жариялауды қоспағанда, бұрын көшірілмегеніне, сатылмағанына немесе өзге жолмен иеліктен шығарылмағанына, көпшілік алдында көрсетілмегеніне және жалпыға қолжетімді етілмегеніне кепілдік береді. Құқықтар иеліктен шығарылмаған, кепілге берілмеген және шарттар бойынша басқа тұлғаларға берілмеген болуы тиіс.

Қатысушылар өздері жасаған Жұмыстардың заңмен қорғалатын басқа туындыны заңсыз өңдеу нысанасы болып табылмайтынына кепілдік береді.

Қатысушылар Жұмыстардың авторлық құқықтарды, бейнені пайдалану құқықтарын және үшінші тұлғалардың өзге құқықтарын бұзбайтынына кепілдік береді. Үшінші тұлғалар Тапсырыс берушіге және/немесе Ұйымдастырушыға талап қойған жағдайда, Қатысушылар оларды өз бетінше және өз есебінен реттеуге міндеттенеді.

4. Конкурсты өткізу тәртібі

4.1. Жұмыстар 12.10.2026 жылдан 12.11.2026 жылды қоса алғандағы кезеңде қабылданады.

4.2. Қатысушылар көрсетілген мерзімде фотосуреттерді https://www.prav-pit.kz/ сайтына орналастырады. Әр Қатысушы Конкурс бойы сайтқа 1 (бір) фотосуреттен артық жүктей алмайды.

4.3. Қатысушы жүктелген Жұмыстарды соңғы мерзімге дейін өңдеуге құқылы.

4.4. Барлық Жұмыстар модерациядан өтеді: Жұмыстың Конкурс тақырыбына, осы Ережеге және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкестігі тексеріледі. Модерацияны Ұйымдастырушы жүргізеді. Ұйымдастырушы Жұмыстың талаптарға сәйкестігін өзі айқындауға, жариялаудан бас тартуға, Конкурс сайтынан алып тастауға және/немесе бұзушылық анықталса Қатысушыны шеттетуге құқылы. Ұйымдастырушы Жұмысқа тек техникалық талаптарға және/немесе сайт стиліне сәйкестендіру мақсатында техникалық түзетулер енгізе алады, соның ішінде түс беруін, форматын немесе кескін өлшемін өзгерте алады. Жұмысты жолдау арқылы Қатысушы мұндай түзетулерге келіседі.

4.5. Тапсырыс беруші мен Ұйымдастырушы құрған қазылар алқасы осы Ереженің 1-қосымшасындағы өлшемшарттар бойынша 1, 2 және 3-орын иегерлерін, «Бас жүлде» номинациясының жеңімпазын және Instagram желісіндегі жеңімпаздарды анықтайды.

4.6. Нәтижелер https://www.prav-pit.kz/ сайтында жарияланады.

4.7. Конкурс аясында көрермендер дауыс беруі өткізіледі. «Лайктар» саны бойынша тек 6.3-тармаққа сәйкес «Көрермендер көзайымы» номинациясының жеңімпаздары анықталады.

4.8. Конкурсқа Instagram әлеуметтік желісі арқылы да қатысуға болады.

4.9. Instagram желісіндегі Конкурс шарттары:

- Қатысушылар тапсырманы орындап, #Двигаемся_вместе_с_Nestlé және #Nestlé-мен_бірге_қозғалайық хэштегтерімен 1 фотосурет немесе 1 бейне жариялайды. 3.5 және 3.6-тармақтардағы талаптар Instagram фотосы мен бейнесіне де қолданылады (файл көлеміне қойылатын талаптан басқа).
- Жариялау үшін командаға атау ойлап тауып, бірге спортпен шұғылдану туралы қысқаша әңгімелеу қажет; аккаунт ашық болуы тиіс. Қатысушы ашық аккаунтта жариялау туралы шешімді өзі қабылдайды және мазмұнына өзі жауап береді. Баланың тегін, мектеп нөмірі мен мекенжайын, үй мекенжайын және баланың орналасқан жерін анықтауға мүмкіндік беретін өзге мәліметтерді жарияламау ұсынылады.
- Конкурсқа Instagram әлеуметтік желісі немесе Meta Platforms, Inc. компаниясы демеушілік жасамайды, қолдау көрсетпейді, басқармайды және олармен байланысты емес. Қатысушы ақпаратты Instagram-ға емес, Тапсырыс беруші мен Ұйымдастырушыға ұсынады.
- Жалпы қорытындыны шығару кезінде қазылар алқасы 1-қосымшадағы өлшемшарттар бойынша Instagram жеңімпаздарын анықтайды.
- Нәтижелер https://www.prav-pit.kz/ сайтында жарияланады.

5. Конкурсты өткізу мерзімдері

5.1. Конкурс 12.10.2026 жылдан 18.12.2026 жылға дейін, қорытынды шығару, нәтижелерді жариялау және жүлделерді жіберу мерзімдерін қоса алғанда өткізіледі.

5.2. Жұмыстарды сайтқа орналастыру мерзімі – 12.10.2026–12.11.2026. Әр Қатысушы тек бір Жұмыс жүктей алады.

5.3. Дауыс беру мерзімі – 12.10.2026–12.11.2026. Сайтта тіркелген кез келген пайдаланушы «лайк» қою арқылы дауыс бере алады. Әр Жұмысқа тек бір рет дауыс беруге болады.

5.4. Жалпы қорытынды шығару – 13.11.2026–20.11.2026.

5.5. Нәтижелер 20.11.2026 жылға дейін жарияланады.

5.6. Жеңімпаздармен нәтижелер жарияланғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде байланысады; жүлделер 18.12.2026 жылға дейін жеткізіледі.

6. Конкурсқа қатысушыларды ынталандыру

6.1. Қазылар алқасы «Бас жүлде» номинациясының 1 (бір) жеңімпазын анықтайды; оған 7-бөлімдегі жүлде беріледі.

6.2. Қазылар алқасы 1-орын иегерін (1 жеңімпаз), 2-орын иегерлерін (2 жеңімпаз) және 3-орын иегерлерін (2 жеңімпаз) анықтайды. Олар 7-бөлімде көрсетілген жүлделермен марапатталады.

6.3. Көрермендер дауыс беруінде ең көп дауыс жинаған 2 (екі) Қатысушы «Көрермендер көзайымы» номинациясының жеңімпаздары болып танылады. Дауыстар тең болғанда, дауыс санын күні мен уақыты бойынша ертерек жинаған Қатысушыға басымдық беріледі.

6.4. Қазылар алқасы Instagram әлеуметтік желісіндегі Конкурстың 2 (екі) жеңімпазын анықтайды; олар 7-бөлімдегі жүлделермен марапатталады.

6.5. Ұйымдастырушы «Жүлде аулаушы» Қатысушыны Конкурстан шеттете алады. «Жүлде аулаушы» деп:

- Конкурс сайтында тіркелген бірнеше аккаунт арқылы қатысатын;
- тіркелу кезінде жалған немесе дұрыс емес мәлімет көрсететін не оларды растайтын құжаттар мен ақпаратты беруден бас тартатын;
- дауыстарды (лайктарды) қолдан көбейтетін немесе Ережені бұзатын өзге әрекет жасайтын тұлға түсініледі.

6.6. Алаяқтық, адал емес мінез-құлық, автоматтандырылған дауыс беру құралдарын пайдалану, дауыстарды сатып алу, аккаунттарды жаппай тіркеу, жалған дерек беру, үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзу немесе негізсіз артықшылық алуға бағытталған өзге әрекеттер анықталса, Ұйымдастырушы дауыс беру нәтижелерін жоюға, Жұмысты және/немесе Қатысушыны Конкурстан шығаруға құқылы. Өтемақы төленбейді.

7. Жүлделер

1-орын – спорт дүкеніне сертификат (1 жеңімпаз).

2-орын – спорт дүкеніне сертификат (2 жеңімпаз).

3-орын – спорт дүкеніне сертификат (2 жеңімпаз).

«Бас жүлде» номинациясының жеңімпазы – спорт дүкеніне сертификат (1 жеңімпаз).

«Көрермендер көзайымы» номинациясының жеңімпаздары – спорт дүкеніне сертификат (2 жеңімпаз).

Instagram желісіндегі Конкурс жеңімпаздары – спорт дүкеніне сертификат (2 жеңімпаз).

7.1. Бір Қатысушы тек бір номинация бойынша ғана жеңімпаз бола алады. Бірнеше номинация бойынша жеңімпаз болса, ол жоғарырақ номинацияның жүлдесін алады, ал басқа номинация бойынша рейтингте келесі тұрған Қатысушы жеңімпаз деп танылады. Жүлдеге байланысты салық міндеттемелері Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес орындалады; заңда көзделген жағдайларда салық агентінің функцияларын Ұйымдастырушы атқарады.

8. Дербес деректер

8.1. Конкурсқа қатысу арқылы Қатысушы Конкурсқа байланысты ұсынылатын өзінің және баласының (қамқорлығындағы баланың) дербес деректерін Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес жинауға және өңдеуге келісім береді. Деректер Қатысушыларды тіркеу, Конкурс шарттарының сақталуын тексеру, Қатысушылармен және жеңімпаздармен байланысу, қорытынды шығару, жүлделерді табыстау, салықтық, бухгалтерлік және заңнамада көзделген міндетті талаптарды орындау, сондай-ақ осы Ережеде көзделген шектерде ақпараттық сүйемелдеу үшін ғана өңделеді.

8.2. Қатысушы дербес деректердің шынайы, өзекті және заңды негізде алынғанын растайды. Үшінші тұлғалардың деректері берілсе, Қатысушы қажетті келісімдердің бар екеніне кепілдік береді.

8.3. Келісім Конкурс өткізіліп жатқан кезеңде және ол аяқталғаннан кейін 1 (бір) жыл бойы қолданылады, егер заңнамаға немесе Тапсырыс берушінің және/немесе Ұйымдастырушының ішкі рәсімдеріне сәйкес деректерді ұзағырақ сақтау қажет болмаса.

8.4. Дербес деректерді Тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша Ұйымдастырушы жинайды және өңдейді. Деректер Қазақстан Республикасының аумағында сақталады және жүлделерді жеткізу мен заң талаптарын орындау үшін қажетті көлемде курьерлік қызметтерге және өзге үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін. Келісім сайтта тіркелу кезінде жеке белгі қою арқылы беріледі және заңға қайшы жағдайларды қоспағанда кері қайтарылуы мүмкін. Келісімді кері қайтару Конкурсқа одан әрі қатысуға және/немесе жүлде алуға кедергі келтіруі мүмкін.

8.5. Қатысушы Конкурс қорытындысы жарияланған кезде сайтта және Тапсырыс берушінің ресми аккаунттарында жеңімпаздың атын және тегінің бірінші әрпін, команда атауын, елді мекенін және Жұмысын жариялауға келіседі. Баланың тегі, мектеп нөмірі және байланыс деректері жарияланбайды.

9. Конкурсты қолдау қызметінің байланыс деректері

9.1. Қолдау алу үшін Қатысушы WhatsApp арқылы +7 705 667 3649 нөміріне жаза алады. Конкурстың ресми байланыс арналары – https://www.prav-pit.kz/ сайты және көрсетілген қолдау қызметінің нөмірі ғана. Өзге дереккөздерден келген хабарламалар ресми емес.

9.2. Конкурсқа қатысу тегін. Тапсырыс беруші, Ұйымдастырушы, олардың өкілдері, қолдау қызметінің операторлары және Конкурсқа байланысты өзге тұлғалар төлем, комиссия, ақша аударымын, жеткізуге алдын ала төлемді, SMS/push кодтарын, растау кодтарын, құпиясөздерді, PIN,

CVV/CVC кодтарын, банк картасының деректерін немесе банк, пошта, әлеуметтік және өзге аккаунттарға қолжетімділікті талап етпейді.

9.3. Жүлде алу үшін ақы төлеуді, растау кодтарын, банк деректерін не құпиясөздерді хабарлауды немесе күмәнді сілтемеге өтуді талап ететін хабарлама, қоңырау не сұрау ресми емес. Мұндай жағдайда сұралған әрекеттерді орындамай, осы бөлімдегі байланыс деректері арқылы қолдау қызметіне хабарласу ұсынылады.

10. Жеңімпаздарға жүлделерді беру тәртібі мен мерзімі

10.1. Нәтижелер жарияланғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде қолдау қызметінің операторлары тіркелу кезінде көрсетілген телефон нөмірі бойынша осы Ереженің 9.1-тармағындағы нөмірден жеңімпаздармен байланысады; Instagram жеңімпаздарына Конкурстың ресми аккаунтынан жеке хабарлама жіберіледі. Жүлдені табыстау және алынғанын құжатпен растау үшін тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), байланыс телефоны, жеткізу мекенжайы, қажет болған жағдайда жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелері нақтыланады. Ұйымдастырушы жүлдені беру және заң талаптарын орындау үшін қажетті деректерді ғана сұрата алады.

10.2. Жүлделер 2026 жылғы 18 желтоқсанға дейін курьерлік қызмет арқылы немесе Ұйымдастырушы белгілеген өзге тәсілмен жеткізіледі. Жүлдені алған кезде жеке басын растау қажет болса, жеңімпаз жеке басын куәландыратын құжатты көрсетеді. Көрсетпеген жағдайда жүлде берілмеуі мүмкін.

10.3. Егер Ұйымдастырушы нәтижелер жарияланғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде жеңімпазбен байланыса алмаса (әртүрлі күндері кемінде 3 (үш) әрекет жасалғанда), жеңімпаз жүлде алу құқығынан айырылады, ал Ұйымдастырушы жүлдені өз қалауы бойынша пайдалана алады.

10.4. Пошта жөнелтілімдері мен жүлделерді жеңімпаздар тұратын елді мекендерге жеткізу шығындарын Ұйымдастырушы көтереді.

10.5. Жеңімпаз Ережедегі шарттар мен жүлдені алу мерзімдерін сақтамаса, жүлде беруден бас тартылуы және/немесе жүлде алу құқығынан айырылуы мүмкін.

10.6. Жүлделер осы Ережеде белгіленген тәртіппен ғана беріледі және ақшалай баламамен берілмейді.

11. Қорытынды ережелер

11.1. Қатысушы осы Ереженің барлық тармақтарымен толық келісетінін және шарттарын түсінетінін растайды. Тапсырыс беруші мен Ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының заңнамасы рұқсат ететін шектерде Жұмыстарды ұсыну мерзімінің алғашқы жартысы ішінде шарттарды өзгерте алады. Өзгерістер https://www.prav-pit.kz/ сайтында осы Ереже жарияланған тәсілмен жарияланады және жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.

11.2. Конкурсқа байланысты даулы мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

11.3. Конкурс лотерея, құмар ойын, бәс тігу немесе тәуекелге негізделген өзге ойын болып табылмайды. Жүлде алу Тапсырыс берушінің, Ұйымдастырушының немесе үшінші тұлғалардың тауарлары мен қызметтерін сатып алуға не төлем жасауға байланысты емес.

11.4. Тапсырыс беруші мен Ұйымдастырушы Конкурстың ресми өкілдері болып көрінетін үшінші тұлғалардың ресми байланыс арналарынан тыс жасаған әрекеттері үшін жауапты болмайды. Олар Қатысушыларға алаяқтық хабарламалардың белгілері туралы ақпарат беру және ресми байланыс арналарын қорғау үшін ақылға қонымды шаралар қабылдай алады.

1-қосымша

Конкурсқа ұсынылған Жұмыстарды бағалау өлшемшарттары

Конкурсқа ұсынылған Жұмыстар мына өлшемшарттар бойынша бағаланады:

1. **Жұмыс идеясының өзектілігі**

- Мазмұнының Конкурс тақырыбына сәйкестігі – 5 балға дейін.

2. **Отбасының қатысу деңгейі** – 5 балға дейін.

3. **Креативтілік**

- Ұсыну формасының ерекшелігі – 5 балға дейін.

4. **Материалды ұсыну сапасы**

- Барлық талаптарға сәйкестігі – 5 балға дейін.